**Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылы бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері отырысының**

# ХАТТАМАСЫ №1

**Уақыты: 22 қараша 2023 ж**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп-лицей әкімшілігі

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамын қайта қарап, төрағасын сайлау және кеңес жоспарын құру.
2. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар есебі.
3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсету.
4. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша:**

Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Ж.Нұрқожаев білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстарын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырды. Үлгілік қағидалар әр мүшеге таратылып, талқыланды. Қамқоршылық кеңес төрағасы болып сайланған Б.Ж.Нұрқожаев төраға болып өз жұмысын жалғастыра беруге немесе төрағаның өзгеруі туралы кеңес мүшелеріне ұсыныс айтты.

Кеңес мүшелері бірауыздан осы кезге дейін қамқоршылық кеңес төрағасы қызметін атқарып келген Б.Ж.Нұрқожаев төрағалық қызметінде қалдыруын қолдады.

Сонымен қатар қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Ж.Нұрқожаев мүшелерін таныстырып, қай салада қызмет атқаратындығы туралы айтты, және қамқоршылық кеңес жұмыстарының атқаратын жұмыстары жөнінде жоспар құру ұйымдастырылып, мүшелердің қосар үлестері туралы сұралып, 2023-2024 оқу жылына арналған кеңес жоспары жасақталады.

**Екінші мәселе бойынша:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев сөз алып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибрашева өз еркімен жұмыстан босап оның орнына С.Е.Юсупова тағайындалды. Мектебімізде бала санының көптігіне байланысты Г.К.Киымов 0,5 жүктememен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде тағайындалды. Атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Мектеп басшысы өз сөзінде төмендегі жұмыстарды көрсетті:

«Т.Есетов атындағы 264 мектеп-лицейі 2023-2024 оқу жылында біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда:

- мектеп-лицей ғимаратының сыртын қаптауда ЖШС «Фараб» құрылыс компаниясы құны 45 млн теңгені құрайтын жұмысын жүргізді.
- Мектеп-лицей аумағын қоршауға күрделі жұмыстар жүргізілді (ТОО «RusStroy» компаниясы 17043040 млн теңге).
- Жапондық «Шөп тамыры» бағдарламасымен құны 50 млн тұратын оқушылар автобусына грант ұтып алынды.
- Сонымен қатар ҚР Оқу-ағарту министрі келген іс-сапарында мектебімізге жаңа оқушылар автобусын сыйға тартты.
- ТОО «Сертификационно-испытательный центр» құны 16875538,4 млн теңге тұратын ойын алаңын жөндеуден өткізді.
- Аумақтарды жөндеу, абаттандыру бойынша мердігер ИП «Мансур» 7420000 млн теңге жұмсады.
- Мектебімізде кіші қызметкерлерге арнап бөлмелер жасақталды.
- ЖШС «Интегрострой» компаниясы құны 704 992 309, 45 теңгеге 550 орындық бастауыш сынып мектебін салды.

Осы оқу жылында мектеп-лицей білім алушыларына арнаулы санаттар бойынша әлеуметтік көмектер көрсетілді. Соның ішінде:

- «Мектепке жол» акциясы бойынша 150 оқушыға «Самұрық», «Ел Арай» қайырымдылық коры, «Аманат» партиясы мен «Халық банк» АҚ демеушілік жасап, оқу құралдары табыстады.

**Үшінші мәселе бойынша:**

- «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген

тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бойынша 1-4 сынып оқушылары толық ыстық тамақпен қамтылды.

- Әр түрлі есептегі оқушыларды мектепішілік және сыртқы жазғы тынығу лагерлерімен қамту жұмыстары бойынша мектепішілік лагеріне 80 бала, сыртқы лагерьде 140 оқушы демалып келді».

Сонымен қатар мектеп-лицей директоры тәрбие саласында атқарылған жұмыстарды да атап өтіп, Тәкей Есетовтің 100 жылдығына арналған іс-шаралармен таныстырды.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Аралбаев**: Мектеп-лицейінің керекті құрал-жабдықтарды қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен мектеп-лицийінің жеке кәсіпкер азаматтарын қолдау көрсетуге шақыру керектігін айтты.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі: Б.Нұрқожаев** ата-аналарды үнемі мектеп-лицейдің ішкі жағдайларымен таныстырып отыру керек, соынымен қатар аптасына бір рет ата-аналарды кестеге сәйкес шақырып, денешынықтыру сайыстарын тұрақты түрде өткізуді дәстүрге айналдыру керектігін айтты. Сонда ғана ата-ана мектеп-лицей өмірімен танысып, кейбір жағдайларды көздерімен көруге мәжбүр болатындығын айтты.

Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға жоғары деген бағасын берді.

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе, кеңес мүшелері қаулы етеді.

**ҚАУЛЫ:**

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Нұрқожаев болып бірауыздан қалдырырып, кеңес жоспары бекітілсін.
2. Алдағы жартыжылдықта атқарылатын жұмыстар жоспарға сай жүргізілуі мектеп директоры Б.С.Тумурзаевка міндеттелсін.
3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсетілсін.
4. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының

І жартыжылдық есебі жоғары деңгейде деп танылсын.

| | |
|---|---|
| Мектеп-лицей директоры | Б.С.Тумурзаев |
| Қамқоршылық кеңестің төрағасы | Б.Нұрқожаев |
| Хатшы | А.М.Абдуллаева |